



ШЕШІМ

12.04.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 24/2-VIII

№

город Астана

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасын «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының біліктілік талаптарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 4-тармағына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №417/54-VI «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының біліктілік талаптарын бекіту туралы» шешімі күші жойылсын.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 12 сәуірдегі
№ 24/2-VIII шешіміне
қосымша

**Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының
«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына
БІЛКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

**Тексеру комиссиясының төрағасы,
D-1 санаты (№ 1-1) - 1 бірлік**

Біліктілік талаптары	
Білімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім: мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, есеп және аудит, қаржы), құқық (құқықтану) мамандықтары бойынша. Мемлекеттік аудитор сертификатының болуы.
Құзыреттілігі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік талаптарға және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес.
Практикалық тәжірибесі	
Функционалдық міндеттері	Жалпы басшылықты жүзеге асырады және Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына Қазақстан Республикасының заңдары аясында көзделген жауаптылықта артады; Тексеру комиссиясының тиісті жылына арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекітеді; тексеру комиссиясы мен тексеру комиссиясы аппараты мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады; бекітілген штат саны мен жергілікті жерде көзделген бюджеттік қаражат шегінде тексеру комиссиясы аппаратының құрылымын және штат кестесін бекітеді

**Тексеру комиссиясының мүшесі, D-2 санаты
(№ 1-2, № 1-3, № 1-4, № 1-5) – 4 бірліктер**

Біліктілік талаптары	
Білімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім: мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, есеп және аудит, қаржы), құқық (құқықтану) мамандықтары бойынша. Мемлекеттік аудитор сертификатының болуы.
Құзыреттілігі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік талаптарға және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес.
Практикалық тәжірибесі	
Функционалдық міндеттері	Бекітілген жұмыс жоспарына және мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес Тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық қызметін ұйымдастыру; аудиторлық іс-шараның өткізілуіне тікелей басшылықты және жұмыстың бекітілген бағыттары бойынша оның материалдарын іске асыруды жүзеге асырады; аудиторлық қорытынды ұсынымдарының және нұсқамалардың тапсырмаларының орындалуына тұрақты және жүйелі негізде мониторингті; жергілікті атқарушы орган бюджетінің орындалуы туралы жылдық есепті ұсынуды жүзге асыруды ұйымдастырады.